

мимикалық мінез-құлыққа деген қызығушылық көптеген атақты адамдар, Джованни Бонифацио, Джованни Батиста делла Порта, Фрэнсис Бэкон арасында туындады. Дж. Бонофацио өзінің Венецияда 1616 жылы шыққан «Искусство чувств» атты трактатында бүкіл халыққа түсінікті әмбебап ым тілі бар, сондықтан оны еуропалықтарға жергілікті тұрғындармен сауда жасау кезінде қолдануына болады десе, Дж. Делла Порта «Della celesta fisionomia» деген жұмысында адам мимикасы ишаратын жануарлардың мимикасы мен ишаратымен салыстыра отырып, дене мен бет-әлпет қозғалысынан адам темпераменті мен мінез-құлқын анықтауға тырысады.

Орта ғасырда болсын, кейінірек кездегі уақытта болсын қоғам біртұтас ретінде қабылданды. Бұлар дене мен бас, құлақ, қол мен кеуде секілді организмдер нақты мағынаға ие қызметтерді білдірді. Мысалы, мәдени, моральдық және этикалық. Рыцарлар, көпестер, монахтар, кісі өлтірушілер, шешендер, дәрі-

герлер, ғалымдар, қолөнер ұсталары және жер иелері өздерінің бейвербалды тілдерін қалыптастырды.

Ол кездері ишараттар екі негізгі қызметті атқарған. Бір жағынан, олар адамның сол ұжым мүшесі екенін дәлелдесе, екінші жағынан – топ мүшелерінің иерархиясын білдірді. Бүкіл ишарат таңбалары белгілі бір мағынаға ие болды; белгілі бір мәдениетте маңызды рөл атқарды. Мысалы, *кездесу кезінде, қоштасу немесе татуласу белгісі ретінде қол алысу, құрмет көрсету немесе татуласу кезінде қолын кеудесіне қою*, т.б.

Күні бүгінге дейін ым-ишараттар тек қана әртүрлі қоғамдық және жеке дәстүрлерге қызмет етпейді, олар адамның күнделікті өмірінде маңызды, ажырамас компоненті болып саналады.

1. Partridge E. Origins: A short etymological dictionary of modern English. New York: MacMillan, 1959.

2. Kendon A. Geography of gestures // Semiotica, 37, № S, 1981, 150-151.

3. Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика. «Новое литературное обозрение», М.: 2004 г. – 581.

С. Магжан. Язык жестов и естественный язык

В статье рассмотрены особенности и различия естественного языка и языка жестов в коммуникации

S. Magzhan. Language of Gesture and Natural Language

The peculiarities and differences of a natural language and language of gesture in the process of communication are considered in the article.

А. Мұхамеджанова, Т. Ахметова,

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қаласы, Қазақстан

КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫ МЕНГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жоғары оқу орнын бітіретін студент өзінің қалаған мамандығы бойынша білімін толықтыра алудың жолын, әдіс-тәсілін игерген, кәсіби әрекетінде тосын жағдаяттарды шешуге дайын, мемлекеттік тілді жетік меңгерген тұлға болуы қажет. Сондықтан маманның іргелі теориялық білімі мен кәсіби біліктілігі, шығармашылық ойлауы, рухани дамуы, интеллектуалдық өсуін қалыптастыратын білім беру жүйесіне оқытудың жаңа технологиялары енгізілуі тиіс. Ол үшін «халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мем-

лекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу керек» [1;17]. Бұндай талап қазіргі білім беру жүйесіне енген кредиттік оқыту технологиясының басты мақсатына сәйкес келеді. Жоғары оқу орнындағы оқыту үрдісі студенттің ынталы, белсенді танымдық әрекетіне негізделетіні белгілі. Ал белсенді танымдық әрекет кредиттік оқыту жүйесінде қазіргі заман талабына сай сапалы маман дайындаудың негізі болып отыр. Сонымен қатар бұл жүйеде ерекше назар аударылады. Бұл мәселенің орыс тілді студенттерге қазақ тілін тиімді меңгертуге де қатысы бар.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқыту проблемалары анағұрлым күрделенген, сонымен қатар, тілге деген сұраныстың да өзекті екенін ескере отырып, бүгінде білім беру саласына енгізіліп отырған инновациялық әдіс арқылы ұйымдастыру күнделікті күн тәртібіндегі мәселелердің бірі екені сөзсіз. Сол себепті, мемлекеттік тілді инновациялық әдіс арқылы оқытудың тиімді жолдарын қарастыру қазақ тілі мамандарының алдына қойған басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазақ тілін орыс тілді дәрісханаларда оқыту әдістемесінің мақсаты – қазақ тілінің екінші тіл ретіндегі ерекшеліктерін айқындау және тіл үйренушілерді ауызекі сөйлеуге үйретуде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің ұтымды жолдарын көрсетумен байланысты.

Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – студентке теориялық білім беріп қана қоймай, сол білімді өз бетінше ізденіп табу қабілетін, оқу әрекетін ғылыммен, кәсіби әрекетімен байланыстыра білу дағдысын қалыптастыру.

Осы бағытта жақсы нәтижеге жету үшін сабақты тиімді ұйымдастырумен қатар студентті алған білімдерін кәсіби жағдаяттарда қолдануға болатындай тапсырмалар негізінде шығармашылық әрекетке бейімдеу; білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру кезеңдеріне сай тапсырмалар жүйесін пайдалану арқылы оларды өз бетінше нәтижеге жетуге жетелеу керек. Кәсіби бағытта құрастырылған тапсырмалардың орындалуы кәсіби білікті дамытады, білім жүйесін қалыптастырады және болашақ маманның тұлғалық қасиетін дамытады.

Кәсіби лексиканы меңгертуге бағытталған жиі қолданатын әдіс-тәсілдерді қарастырайық.

Кәсіби лексикамен жұмыс. Студенттер қазақша кәсіби сөздерді меңгерумен бірге, қазақ тіліндегі кәсіби ұғымдарды, олардың табиғаты туралы мәліметті де бойына сіңіреді. Нақтылы мамандыққа байланысты таңдап алынған лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру керек.

Жаттығудың мақсаты – студенттерге жаңа кәсіби лексиканы тыңдап түсіну арқылы оның айтылуын, қайталап айтқызу арқылы

оның айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін, тіл-десімде дұрыс қолдануға машықтандыру.

Жаттығудың тиімділігі – әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы студент болашақ мамандық жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады.

Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілді үйрету үрдісі студенттерді жалықтырмайтындай, қызықты да тартымды болуы үшін сөз мәйегі болып саналатын **фразеологизмдерді меңгерту**дің орны ерекше.

Жаттығудың мақсаты – студенттерге фразеологизмдерді таныстырып, оның мағынасын түсіндіре келе, оларды сөйлеуде дұрыс, орынды қолдануға машықтандыру.

Жаттығудың тиімділігі – фразеологизмдерді қарым-қатынаста дұрыс қолдану арқылы студенттер өз ойын әдемі, дәл білдірумен бірге, көркем сөйлеуге, сөз саптау шеберлігіне үйренеді.

2. Сөйлемдермен жұмыс істеу

- сөйлемдерді тыңдап, ана тілімен ұқсас сөздердің мағыналарын анықтаңыздар.

- үлгі бойынша сөйлемдерді аяқтаңыздар: Менің мамандығым тілші. Қазір мен «Северный Казахстан» газетінің редакциясында істеп жүрмін. Менің досымның мамандығы аудармашы. Ол

- берілген нұсқалардан сөйлемдердің соңын табыңыздар;

- бір тақырыпқа қатысты сөйлемдерді оқып, толықтырыңыздар;

- сөйлемдерді жаңа сөздермен толықтырыңыздар;

- сөйлемдерді қысқартыңыздар;

- **сөйлемдерді үлгі бойынша құрастыру.** Студенттер дайын үлгі арқылы типтік фразаларды құрастыруға үйренеді.

- **сұрақта бойынша сөйлемдер құрастыру.** Сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтауға үйренеді.

- **Сурет арқылы сөйлемдер құрастыру.** Суреттер студенттердің жұмысын белсендіреді.

- **дұрыс құрастырылмаған сөйлемдермен жұмыс істеу.** Бұл тапсырма сөйлемдердің орын тәртібін сақтауға үйретеді, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады, грамматикалық формаларды меңгеруге көмектеседі.

- **сөйлемдерді ана тілінен қазақ тіліне аудару.** Аудару барысында екі тілдің грам-

матикалық ерекшеліктерін меңгеру қабілеттері қалыптасады.

- **сөйлемдегі сөздердің формаларын ауыстыру.** Белгілі бір грамматикалық материалды меңгеруге көмектеседі.

- Сөйлемдерді анықтаушы және толықтауыштар арқылы толықтырыңыздар.

3. Қазақ тілін кәсіби мәтін арқылы меңгерту жолдары. Студенттерді болашақ мамандығына байланысты кәсіби тілде сөйлеуге үйретудің тиімді жолы – мәтінмен жұмыс.

Кәсіби мәтінмен жұмыстың мақсаты: мәтін ішіндегі мамандыққа қатысты терминдердің мағынасын түсіндіріп, меңгерту арқылы студенттердің кәсіби сөз қорларын молайту, мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге машықтандыру.

Кәсіби мәтінмен жұмыстың тиімділігі: студенттер мамандығына сәйкес терминдермен, кәсіби ұғымдармен жұмыс істеуге үйренеді, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтуға дағдыланады, мамандыққа байланысты ой-пікірін қазақша еркін жеткізуге үйренеді.

«Қазақ тілін оқыту туралы принцип – осы саладағы заңдылықтарға, оқытудың мақсаты мен маңызына, міндеттің орындалу қажеттілігіне, оқытудың басты бағытына, тағы сол сияқты негізгі белгілердің барлығына сүйенетін ең тиімді, сұрыпталған ерекшелік» дей келе, орыс аудиториясында қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытуда мынадай принциптерге сүйену керектігіне тоқталады: «Тұтастық (комплекстік); сөйлесімге қатысты басты ережелерді меңгеру; грамматикалық заңдылықтарды есте сақтауға, жазуға үйрену; сөйлесімнің түрлерін меңгеру; ынталандыру; тақырыпты игеру; сөйлеуге қатысты ішкі күшті пайдалану; орта мен жағдайды ескеру» [2;131]. Мұнда *тыңдалым* тұрғысында негізгі мақсат студенттердің кәсіби мәтіннің мазмұнын түсінікпен тыңдау, тыңдалған мәтін бойынша қойылған ауызша сұрақ пен айтылғандарды түсіну дағдыларын қалыптастырудан тұрады.

Оқылым тұрғысынан мәтінмен жұмыс студенттің оқу техникасын одан әрі жетілдіруге, мәтінді түсініп оқу, талдау дағдылары жетілдіруге, мәтінмен өз бетімен жұмыс жасау іскерлігіне машықтандыруға бағытталды.

Айтылым тұрғысында негізгі мақсат студенттердің кәсіби мәтін мазмұнын өз сөзімен жеткізу дағдысы мен іскерлігіне машықтандырудан тұрады.

Жазылым тұрғысында студенттердің жазылым техникасын жақсарту, орфографияның негізгі ережелерін меңгерту; сөйлемдерді дұрыс құру, қарапайым мәтін құрастыру іскерлігін қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Тілдесім бойынша студенттер мәтін мазмұны бойынша ұсынылған жағдаяттардың біріне мамандығы жайында әңгемелеу, сұхбат құру дағдысын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды орындайды.

Мәтін студентке білім береді, тілін, сөздік қорын дамытады, қазақша сөйлеуге үйретеді, - дейді оқытушы.

4. Кәсіби қазақ тілін үйретуге арналған шығармашылық жаттығулармен жұмыс.

Шығармашылық жаттығулар – студенттердің кәсіби мәтін мазмұны бойынша кәсіптанымдық ақпараттарды саралап, зерделеу арқылы, өз пікірлерін микротоптың басқа мүшелерімен талдай алу, өзара бірлесе ізденушілік іс-әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру, соның нәтижесінде кәсіби тілдік қатынасқа еркін түсу қабілетін жетілдіруге бағытталған жұмыс түрі.

Студенттерге қазақ тілін мамандыққа қатысты кредиттік технология арқылы үйретуде шығармашылық жаттығулардың келесі түрлері қолданылды:

«Тақырыптық Бәйтерек» әдісі: жаңа тақырыпқа байланысты жаңа сөз алынып, ол әртүрлі сөздермен қосарланып айтылады.

«Сөздерді жұптастыр» әдісі: жаңа сөздер жұптастырылады. Сөз тіркесін, мүмкіндігінше, сөйлем құруға болады.

«Инсерт» стратегиясы: берілген сөздер график арқылы беріледі сол сөздердің сәйкестігін табулары жөн. Мәтінді бекіту үшін ұтымды әдіс.

«Баспалдақ» әдісі: бір сөз беріліп, сол сөздегі әріптермен сөз, **тек осы сөздермен** сөз тіркесін, мүмкіндігінше, сөйлем құратуға болады. Студенттер бұл әдіс арқылы сөз тіркесі мен сөйлемдерді қызығушылықпен құрады.

«Сөздер сыры» айдары: кәсіби лексикаға байланысты сөздер ішінен бірнеше мағына беретін омоним сөзді алып, түсіндірмелі және фразеологиялық сөздіктен тауып қолдануға баулу жөн. Студенттер сөз сырына терең үніліп, қазақ тіліндегі тағы бір омониммен танысады.

Ғылыми әдіс: студенттерге сабаққа байланысты терминдер беріліп, оның мән-мағынасын студенттер табуы жөн. Терминдердің мағынасы ашылады. Бұл сабақтың ғылымилығын арттырады.

«Ойлан, тап» айдары: тұрақты тіркестерді оқытуда пайдаланған тиімді (көп нүктенің орнына тұрақты тіркесті қою, ауыстырылған тұрақты тіркестегі сөздердің орнын дұрыс қою). Тұрақты тіркестердің мағынасын толық тануға көмектеседі.

Кластер: кез келген мәтінге қолдануға болады. Мәтін мазмұнын игеруге көмегін тигізеді. Сұрақ қоя білуге үйретеді.

Сұхбат әдісі. Кез келген тақырыпқа қолдануға болады. Жаңа сөздерді бергеннен кейін сабақтың басында қолданған тиімді. Лексикалық білімі мен грамматикалық білімі тексеріліп бекітіледі.

«Рафт» стратегиясы. Белгілі бір адресатқа халыққа, досына, ата-анасына хат, эссе жазу. - Берілген тақырып бойынша студенттің ойтолғауы танылады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы бойынша оқытушы тек қана идея беруші, студент сол идеяны әрі дамытушы болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау жобасын сабақта пайдалану нәтижесінде студенттер зерттеу объектісіне (тақырып бойынша мәтінге) баға беруге, кәсіби лексиканы орынды қолдануға үйренеді.

Ассоциация әдісі студенттерді өздігінен мәселе қоя ізденуге үйретеді.

Пікір алмасу әдісі тақырып бойынша алған білімдерін тұжырымдауға көмектеседі.

«Қатені тап» берілген мәтінді дұрыс құрастыру (яғни, мәтіндегі сөйлемдердің орны алмастырылып беріледі) дағдыларын қалыптастырады.

Қос жазба күнделігі студенттерді сұхбат құрастыруға, өз ойларын нақты жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге үйретеді.

«Күн шұғыласы» әдісі. Тақырыпқа сай студенттер өз ассоциацияларын жазады. Студенттердің сөздік қорын байытуға көмектеседі.

«Анаграмма» әдісі. Белгілі бір тақырыпқа арналған жаңа сөздерді қайталауға, еске түсіруге болады. Бұл әдіс студенттердің жаңа сөздерді қалай меңгергендігін тексеруге қолайлы.

«Сұхбат құрастыру» әдісі. Лексикалық және грамматикалық тақырыптарды тексеруге, сұраулық шылауларды еске түсіруге, дұрыс қолдануға, сұраққа толық және қысқа жауап беруге арналған әдістің бірі. - Студенттерді дұрыс сұрақ қоюға, сөздік қорларын дұрыс пайдалануға және сұраққа қатесіз жауап беруге үйретеді.

Презентация жасау арқылы. студенттерді аудитория алдында сөйлеуге, өз пікірлерін қорғай алуға, сұрақтарға жауап бере алуға үйрету. Нәтижесі: студенттер презентацияға дайындалу барысында алдын ала кәсіби лексикалық минимум құрастырады (слайдтарда көрсетілген), қосымша әдебиеттермен жұмыс істейді. Дайындаған материалдарын ортаға салып, қорғайды.

Мәтін құрастыру (диктант) белгілі бір тақырыпқа қатысты сөздерді ажырата білуге, жинақталған сөздер мен сөз тіркестерінен тұтас мәтін құрастыра алуға үйретеді. Нәтижесі: диктант жазғызу барысында студенттердің грамматикалық емелілік, стилистикалық сауаттылықтары арттырылады. Тұтас мәтін құрастыру қабілеттері қалыптасады. Диктант мазмұндама, әңгіме, шығарма, хат жазуға дайындық болып табылады. [3;27].

Викторина студенттердің білімдерін бекіту, тұжырымдау үшін тиімді. Нәтижесі: студенттердің жазылым, оқылым, тыңдалым, сөйлесім әрекеттер бойынша қалыптасқан білімдағдылары тұжырымдалады.

Шығармашылық жаттығулардың тиімділігі: студенттердің кәсіби қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырады, олардың кәсіби қатынаста қазақша еркін сөйлеу, ойын шеберлікпен жеткізу дағдысы қалыптасады, тіл үйренушінің қызығушылығын туғызатындай, шығармашылық ой-қабілетін дамытатындай мақсатты көздейді [4;9].

5. Кәсіби қазақ тілін үйретуге арналған кәсіби-жағдаяттық жаттығулармен жұмыс

Кәсіби-жағдаяттық жаттығулар – қатысым жасаушылардың бір-бірімен нақтылы бір тақырып, кәсіби жағдайға байланысты өзара пікір алысу, ойын жеткізу, мәлімет алу, қазақша қатынасқа түсу, сұхбаттасу дағдысын қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс түрі.

5.1 Кәсіби-жағдаяттық сұхбаттардың мақсаты: студенттердің мамандыққа байланысты кәсіби сөздік қорларын толықтыру, қазақша

қарапайым тілдесім жағдайында сөйлесуге үйрету. *Жаттығудың тиімділігі:* студенттер мамандықтарына қатысты шағын сұхбат құрастыруға үйрене келе, бір-бірімен кәсіптеріне қатысты жаңалықтармен, ақпараттармен алмасуға машықтанады. Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды шешу барысында тіл үйренушілер монолог немесе диалог ретінде шешім табып, өз ойларын жеткізе алады, алдыңғы сабақтардан алған білімдерін нығайтады. Бұл тапсырманы орындау барысында студенттер I-жақ формадағы етістіктерді қолдана алуын, диалог құрастыра білулерін көрсете алады. Нәтижесі: студенттердің ауызекі сөйлеу қабілеттері дамиды. Жаңа кәсіби лексиканы игереді.

Кәсіби-жағдаяттық сұхбаттар барысында тіл үйренушілер диалог құрастыруға үйренеді. Диалог түрлері: этикеттік сипаттағы диалог, қайта сұрап білу – диалог, іс-әрекетке ынталандыратын диалог, пікір алмасу диалог.

Диалог құрастыруға үйрететін жаттығулар:

- *сұрақтарға жауап (қысқа, толық);
- *мәтінге сұрақтар;
- *монологті диалогке айналдыру;
- *берілген тақырып немесе ситуация бойынша диалог құрастыру;
- *диалогті толықтыру немесе өзгерту;
- Мәтін бойынша диалог құрастыру;
- *берілген репликалардан диалог құрастыру;
- *сұраққа оң немесе теріс жауап беру;
- *диалогті аяқтау.
- *жауаптарды дәлелдеп беру және т.б.

5.2 Іскери ойындарды студенттердің сұрақтарды дұрыс құра білу және оларға жауап бере білу дағдыларынеді, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін арттырады.

Іскери ойындарды қолдану тиімділігі: студенттердің тілді үйрену қабілетін шыңдап, олардың кәсіби тілді үйренуге сенімділік қа-

білеті күшейеді, оқу мотивациясы және шығармашылық белсенділігі артады. Студенттер ойынға дайындалу барысында кәсіби лексиканы қолданады, жаңа сөз тіркестері мен конструкцияларды игере алады (болашақ мамандығым, болашақ жұмыста, негізгі міндеттер, жұмысқа орналасу, мамандық бойынша, ауыл шаруашылығы саласында және т.б.).

Ұсынылған тапсырмалар студенттердің тілдік біліктерінің тиімді қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай туғызады, олардың бойларында өздеріне деген сенімі және оқу қабілеттері пайда болады, студенттердің қазақ тілін үйренуге деген көзқарасын өзгертеді, студенттердің сабаққа сапалы дайындалуына әсер етеді. Осы жүйе студенттердің танымдық қызығушылығы мен өздік ақыл-ой белсенділігін арттырады; сабақты жүргізу уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді; әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды көздейді; студенттердің ақыл-ой іс-әрекеттерін қалыптастырады; студенттің өзіндік жеке қабілеттерін дамытады; оқытушы мен студенттің арасындағы қарым-қатынасты нығайтады; студенттердің алған білім, дағдылар мен біліктерінің беріктігін қамтамасыз етеді [5;172-173].

1 Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы // Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекет саясатының басты мақсаты. - Петропавл, 2008. -48 б.

2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. -Алматы: Сөздік-словары, 2005. -272 б.

3 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы: Print-S, 2005. -170 б.

4 Сейтенова С.С. Автомобиль шаруашылығы бөлімінде оқитын студенттерге қазақ тілін оқыту әдістемесі // Пед. ғыл. кандидаты ... дисс. авторефераты: 13.00.02. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. -26 б.

5 Окунев А.А. Педагогическая технология на основе системы эффективных уроков. В кн. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе дидактического и методического усовершенствования УВП. (Серия «Энциклопедия образовательных технологий»). -М.: НИИ школьных технологий, 2005. -С. 170-175.

А. Мухамеджанова, Т. Ахметова

Эффективные методы обучения профессиональной лексике

В статье представлен краткий обзор эффективных методов обучения профессиональной лексике на занятиях по казахскому языку.

Mukhamedzhanova A., Akhmetova T.

Effective methods of teaching professional vocabulary

The article presents a brief issue on effective methods of teaching professional vocabulary on Kazakh lessons